

**Мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған
«Педагогикалық идеялар панорамасы»
республикалық конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Педагогикалық идеялар панорамасы» Республикалық Конкурсын (бұдан әрі – Ереже) ұйымдастыру және өткізу шарттары мен тәртібін анықтайды.

2. Конкурс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстары мен спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес өткізіледі.

3. Конкурс – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Өрлеу» БАҰО, Ұйымдастырушы) білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық идеялармен тәжірибе алмасуға, өзінің озық педагогикалық тәжірибесін ұсынуға, көрсетуге және таратуға мүмкіндік беретін кәсіби алаң болып табылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

4. Конкурстың миссиясы – педагогтердің тиімді әрі жаңашыл тәжірибесін қолдау және тарату арқылы білім беру сапасын арттыруға ықпал ету.

5. Конкурстың мақсаты – білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған авторлық педагогикалық идеяларды анықтап, көрсетуге және таратуға арналған кәсіби алаң құру.

6. Конкурстың міндеттері:

1) педагогтерді инновациялық әдістемелерді әзірлеуге және енгізуге ынталандыру;

2) тиімді педагогикалық идеяларды авторы ретінде педагогтің кәсіби мәртебесін нығайту;

3) педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын қолдау;

4) үздік білім беру тәжірибелерін таратуды қамтамасыз ету.

7. Конкурс бағыттары:

1) Оқу сауаттылығы;

2) Математикалық сауаттылық;

3) Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;

- 4) Цифрлық сауаттылық;
- 5) Қаржылық сауаттылық;
- 6) Экологиялық сауаттылық;
- 7) Мәдениетаралық сауаттылық;
- 8) Жаһандық құзыреттер (халықаралық қатысушылар үшін).

Ескерту. 7-тармақ 8-тармақшасымен толықтырылды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

Конкурс бағыттарының сипаттамалары осы Ереженің 1-қосымшасында ұсынылған.

2. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу шарттары

8. Конкурсқа Қазақстан Республикасының өңірлерінде білім беру қызметін жүзеге асыратын, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының барлық түрлерінің педагогтері (бұдан әрі – қатысушылар) қатыса алады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

9. Конкурс екі кезеңнен тұрады:

Аймақтық кезең - білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған авторлық педагогикалық идеяның сипаттамасын ұсыну (сабақтың, оқу немесе тәрбиелік іс-шараның жоспары).

Республикалық кезең - білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған авторлық педагогикалық идеяны нақты білім беру жағдайында қолдануды көрсету (сабақтың, оқу немесе іс-шараның бейнежазбасы).

Конкурс жеңімпаздары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің педагогтері мен білім беру қызметкерлері съезі аясында өтетін Педагогикалық шеберліктің халықаралық фестиваліне және өзге халықаралық конкурстарға қатысуға ұсынылады.

Ескерту. 9-тармақтың 3 азат жолына өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

10. Конкурс «Өрлеу» БАҰО Басқарма Төрағасы бекітетін Күнтізбелік жоспарға сәйкес белгіленген мерзімдерде өткізіледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

11. Конкурстың жекелеген іс-шараларын өткізу тәртібі, оларды іске асыру мерзімдері, орындау кезеңдері, құрылымдық бөлімшелер (жауапты тұлғалар) арасындағы жауапкершілікті бөлу, сондай-ақ Конкурсты ұйымдастыру және өткізу кезіндегі өзара іс-шаралар белгіленген тәртіппен бекітілетін ішкі нормативтік құжатпен реттеледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

12. Өңірлік деңгейде әрбір бағыт бойынша конкурстық материалдарды

бағалау үшін «Өрлеу» БАҰО қызметкерлері, педагогтер және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан кемінде 3 (үш) адамнан тұратын сараптамалық кеңестер – алқалы органдар (бұдан әрі – Сараптамалық кеңес) құрылады. Сараптамалық кеңестің төрағасы «Өрлеу» БАҰО қызметкерлері қатарынан тағайындалады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

12-1. Конкурсқа қатысушы сараптамалық кеңес құрамына кіре алмайды және конкурстық материалдарды бағалауға қатыспайды.

Ескерту. 2-тарау 12-1-тармақпен толықтырылды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

13. Республикалық деңгейде Конкурс материалдарын бағалау үшін кемінде 7 (жеті) адамнан тұратын республикалық сараптамалық кеңес – Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлері, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен құралған алқалы орган (бұдан әрі – Республикалық сараптамалық кеңес) құрылады. Республикалық сараптамалық кеңестің төрағасы – «Өрлеу» БАҰО басқарма төрағасы.

14. Қатысу жеке тәртіпте жүзеге асырылады, әрбір қатысушыдан Конкурсқа 1 (бір) ғана материал қабылданады.

15. Қатысушы Конкурсқа қатысуға өтінімді, сондай-ақ конкурстық материалдарды белгіленген мерзімдерден кешіктірмей, «Өрлеу» БАҰО платформасы арқылы электрондық форматта ұсынады және ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін дербес жауапкершілік алады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

16. Алып тасталды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

17. Конкурс материалы белгіленген нысанда қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде рәсімделеді.

18. Конкурс материалы бұған дейін баспа немесе электрондық басылымдарда, интернет желісінде (веб-сайттарда, бейнехостингтерде, әлеуметтік желілерде және т.б.) жарияланбауы, сондай-ақ басқа Конкурстарға ұсынылмауы тиіс.

18-1. Конкурстық материалдар мәтіндік сәйкестіктерге тексеріледі. Сәйкестік фактісі анықталған жағдайда конкурстық материал бағалауға жіберілмейді.

Ескерту. 2-тарау 18-1-тармақпен толықтырылды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

18-2. Жасанды интеллект құралдарын тек көмекші құрал ретінде (мәтінді редакциялау, құрылымдау, тілдік түзету) пайдалануға жол беріледі.

Ескерту. 2-тарау 18-2-тармақпен толықтырылды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

18-3. Авторлық педагогикалық идея мен әдістемелік шешім қатысушының дербес кәсіби қызметінің нәтижесі болуы тиіс. Қатысушы конкурстық материалды ұсыну кезінде ЖИ-ді қолдану сипатын растайды.

Ескерту. 2-тарау 18-3-тармақпен толықтырылды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

19. Қатысушы ұсынылған Конкурс материалының авторы екенін кепілдейді және үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзу үшін жауапкершілік арқалайды.

20. Қатысушы ұсынылған Конкурс материалының авторы болып табылатынын растайды және үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарының бұзылуына байланысты туындайтын барлық құқықтық жауапкершілікті өз мойнына алады.

21. Қатысушы Конкурс материалын ұйымдастырушылардың шексіз мерзімге өтеусіз пайдалануға (оның ішінде, бірақ шектелмей) көпшілікке тарату, интернет желісінде және БАҚ-та орналастыру, өңдеу құқығына сөзсіз келісім береді. Конкурс материалдарына рецензия жасалмайды және кері қайтарылмайды.

22. Қатысушы интернет желісінде және бұқаралық ақпарат құралдарында өзінің дербес деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық поштасы, бейнесі (фотосуреттері), жұмыс орны туралы мәліметтер және т.б.) пайдалануға және орналастыруға келісім береді.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

23. Қатысушы Конкурс материалын жасауға қатысқан тұлғалардың жеке деректерін пайдаланғаны үшін жауапты болады.

24. Конкурсты ұйымдастырушы қатысушыдан қосымша ақпарат сұрату құқығын өзіне қалдырады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

25. Конкурс нәтижелері бойынша Сараптамалық кеңестің шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

26. Конкурстың шарттары, өткізу тәртібі және нәтижелері «Өрлеу» БАҰО-ның ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

26-1. Байқау жеңімпаздарының келесі күнтізбелік жылы өткізілетін байқауға қатысуына жол берілмейді.

Ескерту. 2-тарау 26-1-тармақпен толықтырылды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

3. Аймақтық кезеңді өткізу тәртібі

27. Конкурстық материалдар мен қатысушы туралы мәліметтер «Өрлеу» БАҰО конкурстық платформасының тиісті бөлімдерін толтыру арқылы электрондық форматта ұсынылады. Материалдар мен мәліметтерді конкурстық платформаның тиісті бөлімдерінен тыс орналастыруға болмайды.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

28. Конкурстық платформа арқылы ұсынылмаған, платформаның тиісті бөлімдеріне орналастырылмаған немесе мәтіндік бөлігінің белгіленген көлемінен (2500 сөзден артық) асатын материалдар бағалауға жіберілмейді.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

29. Сараптамалық кеңес конкурстық материалдарды осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес бағалау критерийлері негізінде бағалайды.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

30. Әрбір Конкурс материалын 3 (үш) сарапшы бағалайды.

31. Жеңімпаздар бағалауға жіберілген конкурстық материалдар арасынан, мүмкін болатын ең жоғары балл санының кемінде 60 %-ын жинаған және бағалаудың әрбір критерийі бойынша кемінде 1 (бір) балл алған қатысушылар қатарынан айқындалады.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

32. Сегіз (8) бағыттың әрқайсысы бойынша ең жоғары жиынтық балл негізінде 1 (бір) бірінші, 2 (екі) екінші және 3 (үш) үшінші жүлделі орын беріледі. Конкурстық материалдардың қорытынды балдары тең болған жағдайда бағалау нәтижелерін модерациялау рәсімінен өткізіледі. Шешім Сараптамалық кеңестің алқалы отырысында қабылданып, хаттамамен бекітіледі.

Ескерту. 32-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

33. Жеңімпаздар өңірлік кезеңнің 1, 2, 3 дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Қатысушы сертификаты конкурстық материалдар бағалауға жіберілген және осы Ереже талаптарына сәйкес болған жағдайда беріледі.

Ескерту. 33-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

4. Республикалық кезеңді өткізу тәртібі

34. Республикалық кезеңге аймақтық кезеңнің I дәрежелі Диплом иегерлері қатыса алады.

35. Республикалық кезеңнің қатысушысы Конкурс материалын келесі параметрлерге сәйкес әзірлеп, «Өрлеу» БАҰО-ның филиалына, өкілдігіне немесе Астана қаласы үшін орталық аппаратына тапсырады:

- 1) ұзақтығы – 10 минуттан аспауы тиіс;
- 2) бейне форматы: 1920×1080 пиксель (full HD), mp4, h.264 кодекі;
- 3) кадр жиілігі: 25 fps немесе 50 fps;
- 4) бейненің анық және бұлыңғырлықсыз, шуылсыз сапасы;
- 5) жарық біркелкі, айқын көлеңкелерсіз;
- 6) дыбысы таза, фондық шуыл, жаңғырық және бұрмалаусыз;
- 7) дыбыс форматы: стерео, 44,1 кГц немесе 48 кГц;
- 8) формат звука: стерео, 44,1 кГц или 48 кГц;
- 9) музыка, фондық әуендер және дыбыстық эффектілер – пайдалануға шектеу қойылмаған;
- 10) фондық музыканың деңгейі дауыстан төмен болуы тиіс (дауысты басып тастамауы қажет).

36. Республиканский экспертный совет оценивает конкурсные материалы в соответствии с критериями согласно Приложению 2 к настоящему Положению.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

37. Әрбір Конкурс материалын 3 (үш) Республикалық сарапшы бағалайды.

38. Сегіз (8) бағыттың әрқайсысы бойынша ең жоғары жиынтық балл негізінде 1 (бір) бірінші, 2 (екі) екінші және 3 (үш) үшінші жүлделі орын беріледі. Жүлделі орындар саны шектеулі болған жағдайда және конкурстық материалдардың қорытынды балдары тең болса, бағалау нәтижелері модерациялау рәсімінен өткізіледі. Шешім Республикалық сараптамалық кеңестің алқалы отырысында қабылданып, хаттамамен бекітіледі.

Ескерту. 38-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

39. Жеңімпаздар республикалық кезеңнің I, II, III дәрежелі Дипломдарымен марапатталады.

40. Әр бағыт бойынша «YouTube-дауыс беру жеңімпазы» номинациясы қарастырылады. Жеңімпаз онлайн-дауыс беру аяқталған сәтте конкурстың YouTube желісіндегі ресми арнасында тіркелген «Ұнайды» белгілерінің саны мен конкурстық материалды қарау санының қосындысы ретінде есептелетін ең жоғары интегралдық көрсеткіш негізінде айқындалады.

Ескерту. 40-тармаққа өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

41. Жүлде қоры болған жағдайда және (немесе) демеушілердің қаражаты тартылған кезде жеңімпаздарға материалдық көтермелеу қарастырылады.

«Педагогикалық идеялар
панорамасы» Конкурсының
Ережесіне 1-қосымша

Конкурс бағыттары

№	Сауаттылық	Сипаттама
1.	Оқу сауаттылығы	Жеке даму, білім мен мүмкіндіктерді кеңейту, сондай-ақ қоғам өміріне қатысу мақсатында мәтіндерді түсіну, пайдалану, бағалау, олар туралы ой қорыту және ақпаратты интерпретациялау қабілеті
2.	Математикалық сауаттылық	Адамның түрлі жағдайларда туындайтын мәселелерді шешу үшін математикалық тұрғыдан ойлау, математикалық идеяларды тұжырымдау, қолдану және интерпретациялау қабілеті
3.	Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық	Ғылыми және технологиялық мәселелерді шешу үшін ғылыми идеяларды түсіну және қолдану, ғылыми-технологиялық сұрақтарды дәлелді түрде талқылауға қатысу, құбылыстарды түсіндіру, зерттеулерді бағалау және деректерді ғылыми тұрғыдан интерпретациялау қабілеті
4.	Цифрлық сауаттылық	Оқу, даму және қарым-қатынас мақсатында цифрлық технологияларды пайдалана отырып, ақпаратты қауіпсіз әрі саналы түрде іздеу, бағалау, жасау және тарату қабілеті, соның ішінде жасанды интеллектпен жұмыс істеу дағдылары
5.	Қаржылық сауаттылық	Қаржылық ұғымдарды түсіну және жеке адамның әрі қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен әл-ауқатына бағытталған негізделген әрі тиімді шешімдер қабылдау қабілеті
6.	Экологиялық сауаттылық	Адамның қоршаған ортаға әсерін түсіну, экологиялық мәселелерді бағалау, негізделген шешімдер қабылдау және қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту үшін әрекет ету қабілеті
7.	Мәдениетаралық сауаттылық	Жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді талдау, өзгелердің көзқарастары мен дүниетанымын түсіну және құрметтеу, әртүрлі мәдениет өкілдерімен сыйластықпен әрі тиімді қарым-қатынас жасау, сондай-ақ ортақ игілік пен тұрақты даму мүддесінде әрекет ету қабілеті
8.	Жаһандық құзыреттер	Жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді түсіну және шешу, түрлі көзқарастарды бағалау, әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесу, сондай-ақ ұжымдық игілік пен тұрақты дамуға бағытталған сындарлы әрекеттерді жүзеге асыру үшін білімді, дағдыларды, ұстанымдар мен құндылықтарды пайдалану қабілеті

Ескерту. 1-қосымша 8-тармақпен толықтырылды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

«Педагогикалық
идеялар панорамасы»
Конкурсының
Ережесіне 2-қосымша

«Педагогикалық
идеялар панорамасы»
Конкурсының
Ережесіне 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтініне өзгерістер енгізілді - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасының 18.02.2026 № 75 бұйрығымен.

Конкурс материалдарын бағалау критерийлері

Бағалау критерийлері	Критерийлердің сипаттамасы	Балл қою схемасы		
		2 — толық сәйкес	1 — ішінара сәйкес	0 — сәйкес келмейді
Өзектілігі	Идеяның маңыздылығын зерттеулер мен тәжірибеге сүйене отырып негіздеу	Зерттеулер мен тәжірибе негізінде дәлелдер мен мысалдар келтіреді	Зерттеулер немесе тәжірибе негізінде мысалдар келтіреді	Жалпылама пайымдаулар келтіреді
Әдістемелік негізділігі	Оқыту және тәрбиелеу әдістері мен формаларын таңдауын теория және практикаға сәйкес негіздеу	Әдістер мен формаларды таңдауын теория және практика негізінде дәлелдеп көрсетеді	Оқыту және тәрбиелеу әдістері мен формаларын сипаттайды	Оқыту және тәрбиелеу әдістері мен формаларын тізбектейді
Жанашылдығы	Бірегей шешімдерді қолдану	Стандартты тәсілдерден ерекшеленетін жанашыл шешімді ұсынады	Белгілі тәсілдерге негізделген, жекелеген жанашыл элементтері бар шешімді ұсынады	Дәстүрлі және кең таралған шешімдерді ұсынады
Практикалық қолданбалығы	Идеяны нақты практикада қолдану (сабақтың, іс-шараның жоспары немесе бейнежазбасы)	Жоспар/бейнежазбада идеяны практикада қалай жүзеге асыратыны нақты қадамдармен және күтілетін нәтижелерін ұсына отырып толық көрсетілген	Жоспар/бейнежазбада идеяны қолдану жалпы сипатталған, нақты іске асыру тетіктері көрсетілмеген	Жоспар/бейнежазбада идеяны қолдану көрсетілмеген немесе формалды әрі үстірт ұсынылған

Тиімділігін бағалау	Идеяның білім беру нәтижелеріне әсері	Идеяның білім беру нәтижелеріне тікелей және айтарлықтай әсері бар екендігін дәлелдермен негіздейді	Идеяның білім беру нәтижелеріне болжамды немесе жанама әсері туралы дәлелдер келтіреді	Идеяның білім беру нәтижелеріне әсері туралы дәлелдер келтірмейді немесе формалды түрде ұсынады
Мәтінді баяндау / бейнематериалды ұсыну логикасы мен анықтығы	Ойды баяндау логикасы мен бірізділігін сақтау	Логикалық және құрылымдық бірізділігі толық сақталған	Логикалық және құрылымдық бірізділігі жартылай сақталған	Логикалық және құрылымдық бірізділігі сақталмаған